

«ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ АНТРОПОЛОГИЯҒА КІРІСПЕ» ПӘНІ БОЙЫНША

СЕМИНАРЛЫҚ САБАҚТАР ЖОСПАРЫ

Семинар 1. Антропологиялық ғылымның терминдері мен негізгі категориялары

Мақсаты: Әлеуметтік-мәдени антропологиядағы басты ұғымдармен (мәдениет, этнос, қоғам, дәстүр, т.б.) жұмыс істеу, олардың мағынасын салыстыру.

Өткізу түрі: Интерактивті сөздік ойыны («терминдер картасы»), топтық пікірталас.

Әдістемелік нұсқау: Әр студент бір термин таңдап, оны мысалдармен түсіндіреді. Топтар терминдер арасындағы өзара байланысты mind-map арқылы көрсетеді.

Қосымша сұрақтар:

1. «Мәдениет» ұғымының антропологиядағы интерпретациясы.
2. Әлеуметтік және мәдени категориялардың айырмашылығы.
3. Антропологиядағы негізгі әдіснамалық түсініктер.

Ұсынылатын

әдебиеттер:

- Hammersley, M., & Atkinson, P. *Ethnography: Principles in Practice*. Routledge, 2020.
- Мейрманова Г.А. *Этнологиялық зерттеу әдістері*. Алматы, 2016.
- Садохин А.П. *Этнология*. М., 2015.
- Fyfe, G. *Introducing Museum Studies*. Routledge, 2025.

Семинар 2. Антропологиядағы ғылыми бағыттар мен әдістемелер: салыстырмалы, феноменологиялық, структуралистік көзқарастар

Мақсаты: Антропологиялық әдістерді салыстыра отырып, олардың мәдени зерттеудегі қолданысын көрсету.

Өткізу түрі: Дебат «Қай әдіс қазіргі қоғамды түсіндіруге көбірек жарамды?».

Әдістемелік нұсқау: Студенттер үш әдіс бойынша топтарға бөлініп, әр әдістің артықшылығы мен шектеулерін нақты мысалдармен қорғайды.

Қосымша сұрақтар:

1. Салыстырмалы әдістің антропологиядағы орны.
2. Феноменологиялық әдіс мәдени тәжірибені қалай түсіндіреді?
3. Структурализм және оның этнографиядағы рөлі.

Ұсынылатын

әдебиеттер:

- Tylor, E.B. *Primitive Culture*. London, 1871.
- Lévi-Strauss, C. *Structural Anthropology*. Basic Books, 1963.
- Madden, R. *Being Ethnographic: A Guide to the Theory and Practice*. 2023.
- Тавадов Г.Т. *Этнология. Современный словарь-справочник*. М., 2016.

Семинар 3. Мәдени мәтінді ғылыми талдау: шағын этнографиялық үзіндіні интерпретациялау

Мақсаты: Мәдени дереккөздерді ғылыми тұрғыда интерпретациялауға үйрету.

Өткізу түрі: Workshop – «Мәтінге этнографиялық талдау».

Әдістемелік нұсқау: Студенттерге қысқа этнографиялық жазба (мысалы, қазақтың ас беру дәстүрі, африкалық ритуал, т.б.) беріледі. Әр топ оны әлеуметтік, мәдени, символдық тұрғыдан талдайды.

Қосымша сұрақтар:

1. Этнографиялық мәтінді талдаудың ерекшелігі.
2. Интерпретациядағы субъективтілік мәселесі.
3. Мәтін мен контекст арасындағы байланыс.

Ұсынылатын

әдебиеттер:

- Clifford, J., & Marcus, G. *Writing Culture*. University of California Press, 1986.
- Atkinson, P. *Crafting Ethnography*. Routledge, 2022.
- Жлоба С.П., Чернякевич И.С. *Полевая этнография*. Брест, 2007.

Семинар 4. Эволюционизм және диффузионизм теориялары: салыстырмалы талдау

Мақсаты: Әлеуметтік-мәдени антропологиядағы алғашқы теориялық бағыттардың мәнін ашу, эволюционизм мен диффузионизмді салыстыру, олардың мәдени зерттеудегі ықпалын көрсету.

Өткізу түрі: Дебат «Мәдениет дамуы – бір сызықты эволюция ма, әлде таралу (диффузия) нәтижесі ме?».

Әдістемелік нұсқау: Студенттер екі топқа бөлінеді: бір топ эволюционистік көзқарасты, екінші топ диффузионистік көзқарасты қорғайды. Әр топ нақты этнографиялық мысалдар (Австралия аборигендері, Африка тайпалары, Солтүстік Америка үндістері) келтіреді.

Қосымша сұрақтар:

1. Э.Б. Тэйлордың «мәдениет эволюциясы» туралы тұжырымдамасы.
2. Ф. Гребнер мен Л. Фробениустың диффузионистік идеялары.
3. Бұл теориялардың қазіргі антропологиядағы рөлі қандай?

Ұсынылатын

әдебиеттер:

- Tylor, E.B. *Primitive Culture*. London, 1871.
- Frazer, J.G. *The Golden Bough*. Macmillan, 1922.
- Тавадов Г.Т. *Этнология. Современный словарь-справочник*. М., 2016.
- Madden, R. *Being Ethnographic*. 2023.

Семинар 5. Функционализм мен структурализм: этнографиялық зерттеулердегі қолданысы

Мақсаты: Қоғамдық жүйелерді түсіндірудегі функционализм мен структурализмнің теориялық негіздерін салыстырып, олардың нақты этнографиялық мысалдарда қолданылуын көрсету.

Өткізу түрі: Case-study талдау («Қазақ қоғамындағы отбасы құрылымы»), пікірталас.

Әдістемелік нұсқау: Студенттерге этнографиялық дерек (мысалы, қазақ отбасы, ирокездер кланы, Тробриандықтардың шаруашылығы) беріледі. Бір топ функционалистік тұрғыдан, екіншісі структуралистік тұрғыдан талдайды.

Қосымша сұрақтар:

1. Б. Малиновский мен А. Радклифф-Браунның функционалистік идеялары.
2. К. Леви-Стросстың структуралистігі.

3. Бұл теориялар қазақ қоғамын зерттеуде қалай қолданылады?

Ұсынылатын

әдебиеттер:

- Malinowski, B. *Argonauts of the Western Pacific*. Routledge, 1922.
- Radcliffe-Brown, A.R. *Structure and Function in Primitive Society*. London, 1952.
- Lévi-Strauss, C. *Structural Anthropology*. Basic Books, 1963.

Семинар 6. Мәдени релятивизм және тарихи контекст: Франц Боас және оның мектебі

Мақсаты: Мәдени релятивизм қағидасының мәнін түсіндіру, Франц Боастың еңбектерін талдау, оның шәкірттерінің антропологияға қосқан үлесін көрсету.

Өткізу түрі: Workshop «мәдени тәжірибелерді релятивистік тұрғыдан талдау», мини-дебат.

Әдістемелік нұсқау: Әр топ белгілі бір мәдени тәжірибені (мысалы, тотемизм, діни рәсім, отбасы дәстүрі) таңдап, оны мәдени релятивизм тұрғысынан қорғайды. Боастың шәкірттері (М. Мид, Р. Бенедикт) еңбектерінен мысалдар келтіреді.

Қосымша сұрақтар:

1. Франц Боастың антропологияға енгізген жаңалығы неде?
2. Мәдени релятивизм қазіргі жаһандану дәуірінде қаншалықты маңызды?
3. М. Мид пен Р. Бенедикттің зерттеулеріндегі релятивистік әдіс.

Ұсынылатын

әдебиеттер:

- Boas, F. *Anthropology and Modern Life*. New York, 1928.
- Benedict, R. *Patterns of Culture*. Boston, 1934.
- Mead, M. *Coming of Age in Samoa*. New York, 1928.
- Садохин А.П. *Этнология*. М., 2015.